



«Бекітемін»

Мектеп директоры:


Е.К.Картпагамбетова

«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Класс	Жауапты	Мерзімі
1	-«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту -Бойжеткендерді ережелерімен таныстыру.	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Қыркүйек
2	«Қыз тәрбиесі» тақырыбында кездесу	7-11	Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтары	Қазан
3	- Ерте жүктіліктің алдын алу -«Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу	9-11	Мектеп медбикесі Мектеп психологтары, мектеп инспекторы	Қараша
4	«МАСКҮНЕМДІК, ТЕМЕКІ ШЕГУШЛІК ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» түсіндірме жұмыстары	9-11	Мектеп медбикесі, мектеп инспекторы	Желтоқсан
5	«Өзін-өзі күтетін қыздың 10 ережесі» қыздарға кеңес	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Қаңтар
6	«ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ҚЫЗДАР ОЗДЕРІН ҚАЛАЙ ҰСТАҒАНДАРЫ ЖОН?» қыздарға кеңес	7-11	Мектеп психологы	Ақпан
7	ЖИТС-тің жүгу көздері және жүгу жолдары	9-11	Мектеп медбикесі	Наурыз
8	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жылдық қорытынды отырысы	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Сәуір Мамыр

Анықтама

2022 жылдың 11 қазан күні мектебімізде «Еркеназ» қыздар клубының ұйымдастыруымен 6-11 класс қыз балаларына «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» тақырыбында кезекті отырысы өтті. Мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету; өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру; қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. Отырысқа мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Космагамбетова Л.А., мектеп медбикесі Кенжеева Г.К., мектеп психологтары және мектеп тәлімгері қатысты. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Космагамбетова Л.А. «Мектептің ішкі ережелерін түсіндіру жұмыстары» туралы айтып кетті. Мектеп психологтары «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында видеоролик көрсетіп, «Қыз тәрбиесі, қыздардың қоғамдық орындарда өз-өздерін ұстауы туралы» тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп медбикесі «Денсаулық және жеке бас тазалығы» тақырыбында дәріс оқыды. Отырысқа оқушылар белсенді қатысып, көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.



Мектеп психологтары: *А.Е.* Жаппарова А.Е.
Б.Е. Көшболаева Б.Е.

Анықтама

28 желтоқсан күні мектебіміздің 9-11 класс қыз балаларына кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге ТТК поликлиникасының гинекологы Жанбусинова Г.Г. «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды, мектеп медбикесі Кенжеева Г.К. «Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша» баяндама оқыды, сонымен қатар мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Космагамбетова Л.А. қыз балаға берілетін тәрбиенің маңызы туралы айтып кетті. Мектеп психологы Джаппарова А.Е. қыздарға кеңестер берді. Қыздар да көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.



Мектеп психологы:

А.Е.Джаппарова



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Д.К.Картпагамбетова

**«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жұмыс жоспары
2021-2022 оқу жылы**


№	Жұмыс мазмұны	Класс	Жауапты	Мерзімі
1	-«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту -Бойжеткендерді ережелерімен таныстыру.	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Қыркүйек
2	«МАСКҮНЕМДІК, ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛІК ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» түсіндірме жұмыстары	7-11	Мектеп медбикесі, мектеп инспекторы	Қазан
3	- Ерте жүктіліктің алдын алу -«Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу	9-11	Мектеп медбикесі Мектеп психологтары, мектеп инспекторы	Қараша
4	«Қыз тәрбиесі» тақырыбында кездесу	9-11	Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтары	Желтоқсан
5	«Өзін-өзі күтетін қыздың 10 ережесі» қыздарға кеңес	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Қаңтар
6	«ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ҚЫЗДАР ӨЗДЕРІН ҚАЛАЙ ҰСТАҒАНДАРЫ ЖӨН?» қыздарға кеңес	7-11	Мектеп психологы	Ақпан
7	ЖИТС-тің жұғу көздері және жұғу жолдары	9-11	Мектеп медбикесі	Наурыз
8	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жылдық қорытынды отырысы	7-11	«ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының жетекшісі	Сәуір Мамыр

Анықтама

Қазан айында 7-11 кластың қыздарына мектеп медбикесі және мектеп инспекторымен бірлесіп «МАСКҮНЕМДІК, ТЕМЕКІ ШЕГУШІЛІК ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Темекі өнімдерінің зияны туралы, соның ішінде электрондық темекі туралы айтылды. **Мақсаты:**

-Жасөспірімдерді зиянды заттардан аулақ болуын қадағалау;

-Баланың денсаулығын қорғап, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау;



Анықтама


2021 жылдың 28 желтоқсан күні «ЕРКЕНАЗ» қыздар клубының 9-10 класс аралығында қыздарымен кездесу өтті. Бұл кездесудің мақсаты: қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу. Кездесу кезінде мектеп психологы Джаппарова А.Е. «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» атты тақырыпта баяндама оқыды. Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт - қыздарға берілетін тәлім мен тәрбие арқылы өлшенеді. «Қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Бұл қыз баланың айырықша әдепті де, көрікті болатынын аңғартады. Қыз бала өзіне дос таңдауға ерекше жауапкершілікпен сақтық, ұстамдылықпен қарауы, оның маңызын санамен аңғарып, жүрекпен түйсінуі тиіс. Сонымен қатар, кездесу барысында қыз бала қандай болу керек, жалпы -мектепшілік тәртіп, киім үлгісі, инабаттылық, кішіпейілділік сияқты тақырыптар талқыланды. Кездесу сырласу ретінде өтіп, қыздарымыз жақсы көңіл-күймен тарқасты.



Мектеп психологтары: *А.Е.* Джаппарова А.Е.
Б.Е. Көшболаева Б.Е.


Анықтама

«Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жинақтау-бұл адамға нұр болады» дегендей, қазіргі уақытта көптеген аурулардың алдын-ала егілетін вакциналары бар, емі бар. Ал ЖИТС (Жүре пайда болатын Иммуитет Тапшылығы Синдромы) ауруының қауіптілігі- оның емінің табылмай отырғанында. Бұл дүние жүзін алаңдатып отырған ғаламдық мәселе, сондықтан әрбір адам АИТВ/ЖИТС ауруы туралы жан –жақты білсе, мұндай індеттің алдын алуға болады. Осы орайда, бүгін мектебімізде Ақтөбе облыстық ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың маманы М.К.Мурзатаевамен 10-11 сынып оқушыларымен кездесуі өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ және ЖИТС, жұғу жолдары мен алдын алу, шаралары туралы ақпарат беріліп, парақшалар таратылды.



Анықтама

2022 жылдың 10 наурыз күні мектебімізде «Еркеназ» қыздар клубының ұйымдастыруымен 6-8 класс қыздарына «Қоғамдық орындарда қыздар өздерін қалай ұстағандары жөн?» тақырыбында кезекті отырысы өтті. Отырысқа мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп медбикесі және мектеп психологтары қатысты. Мектеп психологтары «Қыз тәрбиесі, қыздардың қоғамдық орындарда өз-өздерін ұстауы туралы» видеоролик көрсетіп, «Қыз тәрбиесі –қоғам тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп медбикесі Г.Кенжеева «Денсаулық және жеке бас тазалығы» тақырыбында дәріс оқыды.



Мектеп психологы:

А.Е.Джаппарова